


*Ғажал күндер
кешегі*

1989-1994

Естеліктер жинағы



Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне (ол кездегі ҚазГУ) түсу 1989 жылғы әрбір түлектің арманы болғаны анық. Себебі сол жылдары да, қазіргідей алдыңғы қатарлы оқу орнының – қара шаңырақтың даңқы жер жарып тұрған кез. ҚазГУ-ге түсу оңай емес, ол үшін «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығу керек. Республиканың жан-жағынан келген түлектердің ішінен тек өзіне сенімдісі ғана осы жоғары оқу орнын таңдайды.

Сондай-ақ арман аркалап келген талай түлектердің тауы шағылып ауылдарына қайтса, бақыты жанғандары «ҚазҰУ студенті» атанып астанада қалды. «КРО» мамандығы («казахский язык и литература в русской школе») 1989 жылы тек екінші жыл түлектерді қабылдаған екен. Әлі бұл мамандықтың бағдарламасы нақтыланбаған, іргетасы қаланбаған уақыт еді. Оқытушылар бірінші күні аудиторияға кіргеннен-ақ, бізді менсіндіксіз қарай, «КРО» екенсіңдер ғой, ертең қандай маман боласыңдар», – деп күмән келтіретін. Марқұм Асылбек Тасымов фонетикадан сабақ бергенде, осы сөзді талай айтты. Басқа да ұстаздар таза қазақ тілді болмайсыңдар деп бізге аса мән беріп, тереңдетіп білім беруге аса ықыласты емес еді...

Алайда біздің КРО тобы ең белсенді топ болды. Сол кездегі ұстаздардың айтып кеткенін ашып айтқызып, өздеріне керек білімді қадалып сұрап алатын. Аптасына бір күн «шығармашылық күн» болатын. Сабақ жоқ, ұйықтайсың ба, қыдырасың ба, өзін білесің. Алайда біздің топ олай етпейтін, таңнан тұрып алып «Пушкинқаға» (Пушкин атындағы (қазіргі Ұлттық) кітапханаға) ағылатын. Бір-бірімізбен жарыса оқытынбыз. Қазіргідей көшірме, сканер деген жоқ. Кітапқа қолжетімділік дегенді түсінде де көрмейсің. Бір кітап 10 шақты оқырманға есептелген. Біреуі алса, 9-ы кезек күтіп тосып отыратын. Сосын бекер келгенше деп өзіне қажетті-қажетсіз деген кітаптарды, газет-журналдарды оқи

Құрастырушылар:

С.М. Иманқұлова, А.Б. Досыбаева, Н.Ж. Егізбаева

Ғажап күндер кешегі: естеліктер жинағы / құраст.:
С.М. Иманқұлова, А.Б. Досыбаева, Н.Ж. Егізбаева. – Алматы:
Қазақ университеті, 2019. – 126 б.

Кітапқа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің 1989-1994 жылдары оқыған түлектерінің естеліктері жинақталды. Жинақта түлектер университеттен алған білімдерінің арқасында жеткен жетістіктері жайлы ой толғап, қызықты студенттік жылдардан сыр шертеді.

Кітап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түлектеріне, көпшілік оқырман қауымына арналады.

Автордың редакциясымен шығарылды.

© Құраст.: Иманқұлова С.М., Досыбаева А.Б., Егізбаева Н.Ж., 2019
© «Қазақ университеті» баспа үйі, 2019

ҒАЖАП КҮНДЕР КЕШЕГІ

Естеліктер жинағы

Құрастырушылар:

Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы
Досыбаева Айтқұл Бейсенбайқызы
Егізбаева Назыкен Жәнінқызы

Компьютерде беттеген
және мұқабасын безендірген *Г. Қалиева*

Мұқабаны безендіретін сурет
<https://paperpull.com/tag/hd-wallpaper-of-saarschleife/> сайттан алынды.

ИБ №12888

Басуға 19.06.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 мм.
Көлемі 7,87 б.т. Offsetті қағаз. Саңдық басылма. Тапсырыс №3504.
Таралымы 21 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі,
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.